

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін тоқсан сайынғы
түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 2

2026 ж. «12» 05

Өтетін орны: Астана қаласы, Есенберлин к-сі 10, 2 қабат

Өтетін уақыты: 10 сағат 00 минут

Төрағалық етті: *директор, комплаенс-офицер*

Қатысқандар: *тізім бойынша*

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнындағы іскерлік этика құндылықтары мен қағидаттары, этикалық нормалар;

2. Әртүрлі.

Сөз сөйледі: Мыса М.М.– директордың м.а. қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау және кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-әрекетін қалыптастыратын іргелі корпоративтік құндылықтар: адалдық, сенімділік, сенім, кәсібилік, тиімділік, бір-біріне және кәсіпорын қызметкерлері болып табылмайтын тұлғаларға қатысты құрмет туралы түсіндірме әңгіме жүргізді. Осы іргелі құндылықтардың барлығы Іскерлік этика кодексінің мақсаттарын құрайды.

Комплаенс-офицер - С.А. Елубаева да түсіндірме жұмысының аясында іскерлік этика қағидаларын атап өтті:

- 1) заңдылық; 2) жауапкершілік; 3) құпиялылық; 4) құзыреттілік және кәсібилік; 5) сыйластық; 6) патриоттық; 7) меритократия; 8) адалдық пен әдептілік.

Сондай-ақ этикалық нормаларға түсінік берілді. Этикалық нормаларға мыналар жатады:

- 1) ақпараттың құпиялылығы, бұл ақпаратты кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына, кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес құпия

деп таниды және мұндай ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, кәсіпорындағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке өзі немесе делдал арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында кез келген әрекеттеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен артықшылықтар беру арқылы осы тұлғаларға пара беруге тыйым салынады;

3) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу, мұндай мүдделер қақтығысының болуы немесе қайшылықтың ықтимал болуы кәсіпорынның беделіне қауіп төндіреді.

Іскерлік этика кодексінің принциптерінің бірі – корпоративтік мәдениет. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Кодекстің талаптарын сақтау және түсіну және оның бұзылуына жол бермеу арқылы кәсіпорынның корпоративтік мәдениетін дамытуға үлес қосуы керек.

Кәсіпорын әрбір қызметкер жеке тұлға ретінде бағаланатын құрмет пен сенім атмосферасын қамтамасыз етеді. Осы Кодекс ережелерін сақтау кәсіпорынның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Осы Кодексті бұзу белгіленген заңнамалық тәртіпте жауаптылыққа әкеп соғады.

Жиналыс қорытындысы бойынша (қабылданған шешім):

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы адал орындауға;
2. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеуге белсенді қатысу;
3. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;
4. Сыбайлас жемқорлық сипатының кез келген көріністері немесе ұжым арасындағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

**Төрағалық етуші,
директордың м.а.**


колы

Мыса М. М.
(Т.А.Ә.)

**Комплаенс-офицер,
жиналыс хатшысы**


колы

Елубаева С.А.
(Т.А.Ә.)

ЖИНАЛЫС ФТОСЫ

